

2018 жылғы 13 желтоқсандағы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымының
Басқарма шешімімен бекітілген
(№ 65 хаттама)

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу ережелері (бұдан әрі – Ережелер) негізгі пәні білім беру қызметі болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдарында (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырудың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттары мен нысандарын айқындайды.

2. Осы Ережелер «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің 2011 жылғы 29 қарашадағы (№ 4 хаттама) қаулысымен бекітілген Тәрбие жұмысы жүйесінің негізгі бағыттарына және Қамқоршылық кеңесінің 2016 жылғы 10 ақпандағы шешімімен бекітілген (№ 1 хаттама) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының мектептен тыс іс-шаралары туралы тізбеге сәйкес әзірленді.

3. Кәсіптік бағдар беру жұмысы – орта және жоғары мектеп оқушыларының болашақ мамандығын саналы таңдауын қалыптастыруға бағытталған шаралар кешені. Оны директордың жетекшілік ететін орынбасарлары, кәсіптік бағдар беру жөніндегі кеңесші, педагог-ұйымдастырушы-кураторлар мен мұғалімдер, педагог-кітапханашылар, педагог-психологтар және оқушылардың заңды өкілдері жүзеге асырады.

4. Зияткерлік мектептердегі кәсіптік бағдар беру объектісі болып оқушы тұлғасының әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтау процесі болып табылады.

5. Кәсіптік бағдар – оқушылардың қабілеттері мен таңдаған мамандығы бойынша жұмыс істеу мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың болашақ мамандығын анықтау процесі.

1. Кәсіптік бағдар берудің мақсаттары, міндеттері және принциптері

1. Мақсаттар:

1) әрбір оқушылардың жеке мүдделерін, оқу жетістіктерін және әлеуметтік қажеттіліктерін ескере отырып, саналы кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындау;

2) оқушылардың, олардың заңды өкілдерінің мамандықты таңдауға психологиялық дайындығын қалыптастыру.

7. Тапсырмалар:

1) әрбір оқушының кәсіби бағдарын диагностикалау;

2) Зияткерлік мектептердің қызметкерлерін, оқушылар мен оқушылардың заңды өкілдерін кәсіби өзін-өзі анықтаудың және мансаптық жоспарлаудың негізгі қағидаттарымен таныстыру;

3) әрбір оқушыға мамандық таңдауда көмек көрсету және оқушының мүмкіндіктерін жеке мамандықтарға қойылатын талаптармен салыстыру;

4) Зияткерлік мектепте жүргізіліп жатқан кәсіптік бағдарлау жұмыстарына және түлектердің кәсіби өзін-өзі анықтау нәтижелеріне мониторинг жүргізу;

5) кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша білім беру процесіне қатысушыларды өзекті ақпаратпен уақтылы қамтамасыз ету.

2. Принциптер:

1) сабақтастық – оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, 7-12-сыныптар аралығында кәсіптік бағдар беруді жүргізу;

2) саралау және даралық – жас ерекшелігін, құндылық бағдарларын, өмірлік жоспарларын және оқушылардың оқу үлгерімінің деңгейін ескере отырып, кәсіптік бағдар беру қызметін ұйымдастыру;

3) жүйелі – оқушылармен және ата-аналармен немесе оқушылардың басқа да заңды өкілдерімен кәсіптік бағдар беру жұмысының жаппай, топтық және жеке нысандарының жиынтығы.

2. Кәсіптік бағдар берудің негізгі бағыттары

2. Зияткерлік мектептердегі кәсіптік бағдар берудің негізгі бағыттары:

1) кәсіби кеңес беру – білім алушыларға олардың жеке ерекшеліктеріне, қабілеттері мен дайындығына сәйкес келетін мамандандырылған оқу бағытын таңдауда консультациялық көмек көрсету;

2) кәсіптік білім беру – ақпараттық-білім беру материалдарын жинақтау, басып шығару және білім алушылар мен олардың заңды өкілдері арасында тарату;

3) психологиялық қолдау – оқушылардың жас ерекшеліктерін және психофизиологиялық дамуын ескере отырып, адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға ықпал ету.

3. Кәсіптік бағдар беру формалары

3. Оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысы келесі формалар арқылы жүзеге асырылады:

1) оқушылармен орта мектепте оқуға арналған пәндерді таңдау бойынша консультативтік жұмыс жүргізу;

2) жобалық жұмыстарының, элективті курстардың және басқа да сыныптан тыс жұмыс түрлерінің тақырыптарын таңдауға жәрдемдесу;

3) оқушыларға тақырыптық кездесулер, презентациялар ұйымдастыру және өткізу;

4) Қазақстанның және шетелдің жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

5) кәсіпорындарға, жоғары оқу орындарына және ғылыми мекемелерге экскурсиялар ұйымдастыру және өткізу;

6) болашақ мамандығына қатысты тұлғалық ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, бейімділігін, мотивациясын анықтау мақсатында сұрақ қою, бақылау, оқу және ойын әрекеттері, практикалық тапсырмалар;

7) оқушылардың назарына әртүрлі мамандықтар мен кәсіптер туралы, Қазақстандағы және шетелдегі жоғары оқу орындары туралы, грантқа түсу мүмкіндіктері туралы ақпаратты жеткізу;

8) оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын анықтау мақсатында оқушылардың оқу және сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі түрлеріне тарту;

9) оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне тарту арқылы кәсіби өзін-өзі анықтауын ынталандыру;

10) әртүрлі кәсіп өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру;

11) Зияткерлік мектептер түлектері, «Болашақ» халықаралық стипендиясының түлектерімен, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының студенттерінің қатысуымен кездесулер мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.

12) әңгімелесу дағдыларын, іскерлік этиканы дамыту, имиджді қалыптастыру, түйіндеме жазу курстары;

13) «Ата-ана кәсіпорнында 10 күн» және «Ата-анамен жұмыста 1 күн» әлеуметтік жобаларын іске асыру;

14) кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша білім алушылармен және олардың заңды өкілдерімен психологиялық әңгіме жүргізу.

4. Оқушылардың заңды өкілдерімен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін келесі іс-шаралар жүргізіледі:

1) ата-аналар жиналысын ұйымдастыру және өткізу;

2) Қазақстандағы және шетелдердегі жоғары оқу орындарына қабылдау және білім алу мәселелері, еңбек нарығындағы жағдай туралы ақпарат беру;

3) мамандық таңдау бойынша жеке консультациялар өткізу;

4) оқушылардың кәсіптік бағдарлануында және мамандық таңдауда м заңды өкілдерінің рөлін түсіндіру;

5) белгілі бір кәсіпті ұсынатын оқушылардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің қатысуымен кураторлық сағаттар өткізу.

4. Кәсіптік бағдар беруді құжаттамалық қамтамасыз ету жұмысы

2. Зияткерлік мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін келесі құжаттаманы жүргізу қажет:

1) осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Зияткерлік мектептің кәсіптік бағдар беру жұмыс жоспары (бұдан әрі – Жоспар);

2) осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әрбір оқушы үшін жоғары оқу орындарына түсуге дайындық кезінде білім алушының жеке маршруты;

3) Зияткерлік мектептердің түлектерін Қазақстандағы және шетелдегі жоғары оқу орындарына қабылдау туралы мәліметтер;

4) БАББО (Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасы) журналын толтыру;

5) әртүрлі кәсіптер мен мамандықтар туралы фотосуреттер, бейнематериалдар және басқа да материалдар түрлері.

5. Кәсіптік бағдар беруді ұйымдастыру

6. Кәсіптік бағдар беру кәсіптік бағдар беру жөніндегі кеңесші жасаған Жоспарға сәйкес жүзеге асырылады және жыл сайын оқу жылының 15 қыркүйегіне дейін Зияткерлік мектеп директорымен бекітіледі.

7. Кәсіптік бағдар жұмысын жүргізу процесі осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Жеке маршрут кәсіптік бағдар беру кеңесшісімен 10-сыныптың екінші жартысында әрбір оқушы үшін толтырады.

9. Кәсіптік бағдар беру жұмысы кәсіптік бағдар беру жұмысының нысандарын жүргізу үшін бөлек кабинетте жүргізіледі.

10. Кәсіптік бағдар беру кеңесшісі Зияткерлік мектепте кәсіптік бағдар беру ұйымдастыру жұмыстарын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалдарында педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес 2018 жылғы 5 сәуірде (№ 19 хаттама) және лауазымдық нұсқаулық бойынша мұғалімдермен және оларға теңестірілген тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

6. Қорытынды ережелер

11. Осы Ережені ДББҰ Басқармасы бекітіледі, өзгерістер мен толықтырулар ДББҰ Басқармасының шешімі негізінде енгізіледі.

12. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер ДББҰ-ның өзге де құқықтық актілеріне сәйкес шешіледі.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі кәсіптік бағдар беру
жұмыстарын жүргізу ережелерінің
1-қосымшасы

**Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі кәсіптік бағдар беру
жұмыстары жоспарының үлгісі**

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

_____ оқу жылына

**. қ. _____ бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің кәсіптік бағдар беру бойынша
жоспары**

Қала
Жыл

Мақсаты :

-

Міндеттері:

-

-

-

Күтілетін нәтижелер.

Оқушылар білу керек:

-

-

-

Оқушылар істей алу қажет:

-

-


-

Назарбаев Зияткерлік мектебінің кәсіптік бағдар беру бойынша мазмұны

№	Жұмыстардың кезеңдері мен қысқаша мазмұны	Қатысушылар	Мерзімдер	Күтілетін нәтижелер
<i>Ұйымдастыру жұмысы</i>				
1.				
...				
Педагогтар және оларға теңестірілген тұлғалармен жұмыс				
1.				
...				
<i>Оқушылардың заңды тұлғалармен жұмыс</i>				
1.				
...				
<i>Оқушылармен жұмыс</i>				
1.				
...				

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу ережелерінің 2-қосымшасы

Зияткерлік мектептер оқушыларының жеке маршрут схемасы



Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу ережелерінің 3-қосымшасы

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі кәсіптік бағдар жүргізудің үрдісі

